


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024**  
**“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”**  
**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,**  
**Шора Сарыбаевтың**  
**100 жылдық мерейтойларына арналған**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
FACULTY OF PHILOLOGY

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024**

### **“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”**

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың  
100 жылдық мерейтойларына арналған  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

### **Akhmet Baytursynuly Readings -2024**

### **PROCEEDINGS**

**of the international scientific and theoretical conference  
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,  
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

**Астана қаласы**

**ӘОЖ 80/81**  
**КБЖ 81.2**  
**А 11**

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**  
**Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**  
**С. Жанжігітов**

**А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024.** “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

**Akhmet Baytursynuly Readings – 2024.** Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024  
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

## МАЗМҰНЫ

|                |   |
|----------------|---|
| Алғы сөз ..... | 3 |
|----------------|---|

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

|                                                                                                  |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....                                                              | 4  |
| Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі .....                                       | 7  |
| Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....                  | 10 |
| Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....                                           | 15 |
| Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....                                                        | 19 |
| İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri ..... | 21 |
| Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....                                    | 23 |
| Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....                   | 30 |
| Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими .....                  | 35 |

### 1-СЕКЦИЯ.

#### ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

|                                                                                                                         |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics .....                                          | 38  |
| Абенова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....                                                                     | 40  |
| Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ) .....                                                | 46  |
| Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракима” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....                    | 60  |
| Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....                         | 64  |
| Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....                 | 68  |
| Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields .....                                             | 73  |
| Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.                                               | 74  |
| Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....                                                          | 79  |
| Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....                           | 83  |
| Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі .....                                          | 87  |
| Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты .....                                              | 91  |
| Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша)..... | 94  |
| Ермекбаева М.                                                                                                           |     |
| Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....                                                        | 98  |
| Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....       | 103 |
| Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код .....                                                   | 107 |
| Кемельбекова Э.                                                                                                         |     |
| Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі .....                                                      | 111 |
| Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:                                                                     |     |
| Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....                                                      | 117 |

|                                                                                                                 |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Кыйсыкова А.</b> Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар .....                                               | 120 |
| <b>Куанышев А.С.</b> Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....                           | 123 |
| <b>Молдабай Ф.Ж.</b> «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер .....                                                | 126 |
| <b>Наушабекова Г.А.</b> Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....            | 129 |
| <b>Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж.</b> Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....                              | 131 |
| <b>Тәттібаева А.Е.</b> Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....                                                 | 136 |
| <b>Темірхан А.</b> Метафораның тілдегі орны мен мәні.....                                                       | 140 |
| <b>Тоқтасынова Д.Ғ.</b> «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр»..... | 141 |
| <b>Sharibzhanova G., Moldabaeva K.</b> Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci) .....               | 149 |
| <b>Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф.</b> Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....        | 153 |

## 2-СЕКЦИЯ.

### ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

|                                                                                                                     |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Абдуова Б.</b> Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....                                                     | 157 |
| <b>Абдиров Ө.Қ.</b> Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі .....                | 161 |
| <b>Аканова А.И.</b> Мифологиялық демонимдер.....                                                                    | 166 |
| <b>Allamuratova Z. M.</b> Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı .....      | 169 |
| <b>Демесинова А.А.</b> «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері .....                                 | 172 |
| <b>Жанболат Ә.Ж.</b> Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы .....                                             | 175 |
| <b>Жүнісқали Ә.Қ.</b> Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша)..... | 178 |
| <b>Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А.</b> Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү .....             | 183 |
| <b>Пирниязова А.Қ.</b> Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....                                   | 189 |
| <b>Тұрысбек Р.С.</b> Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде .....                                                        | 192 |
| <b>Raximboyeva X.G.</b> Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....          | 198 |
| <b>Сағиданова Г.А.</b> “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар .....                                      | 200 |
| <b>Серік М.А.</b> Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....                                                         | 203 |

## 3-СЕКЦИЯ.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

|                                                                                                         |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Баймуханбетова М.Б.</b> Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....                                       | 208 |
| <b>Дүсіпбаева Қ.С.</b> Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....                         | 211 |
| <b>Аренова Ж.С.</b> Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері ..... | 214 |
| <b>Ергешбай Н.Б.</b> Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....                                          | 217 |
| <b>Еркін А.</b> Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар .....        | 221 |

|                                                                                                                             |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү.</b> Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....                         | 227 |
| <b>Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б.</b> Language competence: content and structure .....                                         | 232 |
| <b>Капшаева Г.А.</b> А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану .....                              | 239 |
| <b>Курманова А.К.</b> Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы .....                                                    | 241 |
| <b>Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е.</b> Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі ..... | 246 |
| <b>Усенова Ш.Н.</b> Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....                                                        | 251 |
| <b>Қасымқұл Ф.</b> Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері .....                                              | 253 |
| <b>Қуанышбаева Н.А.</b> Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану .....                               | 258 |
| <b>Саткенова Ж., Серікқызы Ж.</b> Сандық коммуникациядағы қазақ тілі .....                                                  | 262 |
| <b>Сырбаева С.</b> Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....                                   | 265 |
| <b>Шоқабаева С.С.</b> Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері .....                                                    | 268 |
| <b>Fatima Hajizada Elshan.</b> Linguistic Distinctions Between American and British English.....                            | 271 |

фольклорындағы тұтастану құбылысының зерттелуінің негізі әдебиетіміздегі тұтастану құбылысы Ш.Уәлиханов еңбектерінде айтылды. Шығыс пен Батыс халықтарының эпосын мейілінше кең, салыстырмалы түрде зерттеп, тұтастануды арнайы проблема етіп қарастырған В.М. Жирмунский болып табылады [283].

Өз басы асқан құрметке бөленген, өмірі мен ерлігі жыр, аңыздарға айналған М. Ғабдуллин қазақтың ауыз әдебиетінің соның ішінде эпостардың көрнекті маманы еді. Оның «Қобыланды батыр» жайлы зерттеу монографиясында жырдың шығуы, басылуы, зерттелу тарихы жайында сөз қозғайды. Қазақ фольклорындағы тұтастанудың негізгі шарттарын көрсеткен С.Садырбаев болса, ғалым С.Қасқабасов «Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы» деген мақаласында нақты мысалдармен дәлелдер айтады. Одан кейінгі Ш.Ыбыраев, Б.Рақымовтар тарихи дәуір тұрғысынан тарихи жырлардағы тұтастану жайлы зерттеді. Батырлық жырлардың осы өзгешелігіне байланысты ғылыми ортада көптен бері түрлі тұжырымдар орын алып келеді.

Бүгінде әлемдік кеңістікте бай әдеби мұрасымен өз орнын танытқан қазақ әдебиетінің рухани-әдеби қазыналарын ғылыми тұрғыдан пайымдау оны тәуелсіздік ұғымымен бағалаудың жаңаша көзқарастары қалыптаса түсті. Көркем әдебиеттің танымдық, тәрбиелік қуатының молдығы тәуелсіз қазақ ұрпағының заман ағымына ілесе алатын рухани тұлға болып қалыптасуы мен ұлттық құндылықпен қаруланған патриот болып өсуінің шексіз мүмкіндігі. Мемлекеттің рухани-мәдени, әдеби және ұлттық құндылықтары елдік пен ұлт болудың болудың негізі саналады. Сондықтан ұлттық құндылықты негіздейтін әдебиетті оқытуға оң көзқарас қалыптастыру, оны әлемдік педагогиканың озық тәжірибесінен өткен дәстүрлерімен байыту, оқу үрдісінде тиімділігі тұрғысынан жүйелі қолдану уақыт талабы.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы Астана, Ақорда, 14 желтоқсан. 2012 жыл
2. ӘуезовМ. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.16. – Алматы: Жазушы, 1985. [399-б]
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997, [283-б]
4. Қоңыратбаев Ә. 4-7 сыныптарда әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1987. [176-б]
5. Ақшопықов Т. 9-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығына әдістемелік нұсқау. – Алматы: Рауан, 1996. [132-б]
6. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. [288-б]

#### Ә.Қ. Жүнісқали

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты*  
[zhuniskali\\_ak\\_1@enu.kz](mailto:zhuniskali_ak_1@enu.kz)

### ҚАЗАҚ ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ КОННОТАЦИЯ («Шора батыр» ертегісі бойынша)

**Аннотация:** Статья посвящена исследованию этнокультурной коннотации в казахских волшебных сказках. Дается определение термина «коннотация», раскрываются культурные особенности и исторический контекст коннотативных слов. Автор анализирует примеры этнокультурной коннотации в казахской волшебной сказки «Шора батыр».

**Ключевые слова:** коннотация, этнокультурная коннотация, фольклор, культура.

**Abstract:** The article is devoted to the study of ethnocultural connotation in Kazakh fairy tales. The definition of the term «connotation» is given, the cultural features and historical context of connotative words are revealed. The author analyzes examples of ethno-cultural connotations in the Kazakh fairy tale «Shora Batyr».

**Key words:** connotation, ethnocultural connotation, folklore, culture.

Адамзат жаратылысында тіл айрықша маңызды рөл атқаратыны белгілі. Адам тіл арқылы жай ғана ақпарат алып немесе ақпарат беріп қоймайды. Сонымен қатар әрдайым

өзінің қоршаған ортаға, құбылысқа деген көзқарасын, сезімін, субъективті қарым-қатынасын, бағасын тіл арқылы жеткізіп отырады. Тіл бірліктерінің адам эмоциясын жеткізудегі экспрессивтік-бағалауыштық қызметі ғалымдардың назарын көптен аударып келеді. Эмоция мен бағадан тұратын сөз мағынасының үстеме макрокомпонентін ғалымдар эмоциялық, коннотаттық, прагматикалық деп атап жүр.

Коннотация – бұл «connotation» - *қосымша мағына* деген латын тілінен алынған термин [1, 85].

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте «коннотация (латынша *connotatio, connoto* – қосымша мағынасы бар) узуальды немесе окказионалдық сипаттағы тілдік бірліктің эмоционалды, бағалау немесе стилистикалық бояуы» деп түсіндіріледі [2].

Коннотацияға қатысты Л. Ельмслев, Р. Барт, Ю. Апресян, Н. Комлев, А. Леонтьев, Л. Ваильева, Е. Шендельс сияқты ғалымдардың пікірлері мен А. Уфимцева, Л. Сергеева, В. Говердовскийдің коннотаттық макрокомпонент типтеріне шолу жасаған еңбектері бар.

Қазақ тіл білімінде коннотация құбылысын теориялық тұрғыдан арнайы зерттеген ғылыми еңбектер аз. Дей тұрғанымен, бұл мәселе зерттеулерде лексикалық мағына, екіншілік номинация, лингвопоэтика, лингвостилистика аспектілеріне сәйкес сөз етілген. Мысалы, М. Оразов, А. Салқынбай, Е. Абақан, Р. Авакова, Ғ. Хасанов, Д. Әлкебаева сияқты ғалымдар тарапынан берілген анықтамалар негізінде айшықталады [3, 15].

Ғалымдар А. Салқынбай мен Е. Абақанның 2002 жылы жарық көрген «Лингвистикалық түсіндірме сөздігінде» коннотация былай анықталады: «коннотация (лат. *connotatio, connoto* - қосымша мағына бар) - тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық реңі. Кең мағынада, коннотация – тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық (денотативті) мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті сапа беретін кез келген бөлігі. Коннотация – сөйлеушінің эмпирикалық (тәжірибелік) тарихи-мәдени, танымдық біліміне, олардың сөз болып отырған нәрсені ұнатуы не ұнатпауына (бағалауына), стильдік деңгейге, тіл қызметінің саласына, олардың әлеуметтік қатынасына және т. б. байланысты болатын құбылыс. Тар мағынада – тіл бірлігі мағынасының бөлігі, сол мағынаның ассоциативті-образдық ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағынасы, яғни троп не сөйлеу фигурасы. Коннотацияның субъективтілігін бір сөздің қарама-қарсы мағынада қолдануынан байқауға болады. XIX ғ. аяғынан бастап коннотация термині эмоциялық бояуы бар сөздерге байланысты қолданылады (О. Эрдман, Л. Блумфелд)» [4, 109].

Коннотация құбылысына арналған еңбектерді шолу барысында ғалымдар тарапынан коннотацияның құрылымдық бөліктері әр түрлі танылып, коннотация ұғымы кең мағынада және тар мағынада қарастырылатындығы байқалады. Бұл тұрғыда зерттеушілерді толғандыратын негізгі мәселелердің бірі – бұл үстеме, бағалауыштық, экспрессивтілік және эмоционалдылық макрокомпоненттерінің денотация және коннотация аспектілерінде орын алу деңгейі. Мысалы, В.И. Говердовский, К.А. Долинин еңбектерінде аталмыш категориялар толықтай коннотацияның макрокомпоненттері ретінде танылса, профессор М. Оразов көрсеткендей, Э. Азнаурова, В. Звегинцев, И. Арнольд сияқты ғалымдар «сөздің эмоционалды-экспрессивтік қызметін стилистикалық мағына құрамында қарап, оны коннотаттық (негізгі мағынаға қосымша) мағынаның қатарына жатқызады» [5,68]. Ал ғалым А.В. Филиппов коннотация ұғымына тек эмоционалды және стилистикалық мазмұндағы семантикалық мағына жатады деп есептейді де, бағалауыштық және экспрессивті семаларды ол денотацияның белгілі бір бөлшегі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, бағалауыштық сема – ұғымның (түсініктің) прагматикалық компоненті, сондықтан ол денотация аспектісінің объектісі. Ал экспрессивтілік әрқашан сөздің (денотаттың) әдеттен тыс, жаңа тұлғасында көрініс тауып, нормадан ауытқыған окказионалдылықпен байланысты [5, 69].

Сондай-ақ, қазақ тіл білімінде семантика мәселесін арнайы зерттеген ғалым М. Оразовтың: «... сөздердің эмоциялық мағынасы сөздің негізгі мағынасы болмайды, негізгі мағынаға қосымша мағыналық реңк болып саналады дейтін болсақ, онда тентек, ақымақ, дана, сараң, нас, топас (бұлардың тура және ауыспалы мағыналары да) деген сияқты сөздердің

мағынасын түсіндіріп бере алмаған болар едік», – деген пікірі де аталған ғалымдардың ұстанымын құптамайтындығын байқатады [5, 70].

Осындай әр қилы көзқарастардың орын алуы – бұл ғалымдар тарапынан аталмыш мәселеге бір жақты және белгілі бір тұрғыдан ғана қарауынан туындаған жағдай болса керек. Осыған орай, коннотацияның табиғаты, нақты айтқанда, экспрессивтік, эмоционалдық және бағалауыштық макрокомпоненттер «толықтыру, үстемелеу қағидасы» («принцип дополнительности») негізінде сипатталу қажет. Бұл қағида – физика ғылымынан бастау алып, қазір лингвистикада да кеңінен қолданылып жүрген әдіс. «Толықтыру, үстемелеу қағидасы» бойынша бір нысанға қатысты қарама-қарсы келетін екі немесе одан да көп ғылыми теориялардың болуы – заңды құбылыс. Себебі айтарлықтай күрделі таным нысаны бір ғана үлгіде толықтай танылуы мүмкін емес, ол оны жан-жақты көрсете алатын, онымен байланысты құбылыстардың түрлі тобын, түрін ашып бере алатын бірнеше үлгіден тұруы қажет деген А.П. Чудиновтың және кез келген тұжырым – бұл күрделі және іштей қарама-қайшылықтарға толы нысанның біржақты идеализациялануы, санадағы біржақты көрінісі деген В.Я. Перминовтың пікірін ескеретін болсақ, әрбір тұжырым тек өз орнында, өз құбылыстар тобын түсіндіру кезінде орынды болып табылатынын ұғамыз [5, 69]. Сондықтан бағалауыштық, экспрессивтілік және эмоционалдылық макрокомпоненттерді тек денотацияға тән немесе коннотацияның ғана бөлшектері деп бөлмей, олар осы екі макрокомпоненттің нысаны бола алады деген ұстанымды құптаған жөн.

Қазіргі ғылыми парадигмада лингвомәдениеттану, этнолингвистика және когнитивтік лингвистика сияқты салаларға баса назар аударылады. Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін зерттейтін пәнаралық білім саласы. Ол мәдениеттің тілде қалай көрінетінін және тілдік құралдардың халықтың мәдени ерекшеліктерін, құндылықтары мен дүниетанымын қалай жеткізетінін қарастырады. Лингвомәдениеттану тілдің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар мәдени контекстке қатысты тереңірек, жасырын коннотацияларды да талдайды.

Лингвист ғалым В.Н. Телия лингвомәдениеттанудың негізгі ұғымы мәдени коннотация деп санап, оны мәдениетті тілдік белгі арқылы білдіру тәсілі ретінде қарастырады. Мәдени коннотация «мәдени категориялар шеңберіндегі мағынаның денотативті немесе бейнелі дәлелденген, сондай-ақ квазиденотативті аспектілерін түсіндіру» ретінде анықталады [6, 214].

Л.М. Штайнгарт атап өткендей, «сөздің мағынасында ассоциативті белгілерді бекіту – коннотациялардың пайда болуы – мәдени-ұлттық процесс. «Мәдени коннотация» ұғымы белгілі бір лингвомәдени қауымдастық үшін тілдік белгінің әлеуметтік, эмоционалды және эмоционалды-бейнелік маңыздылығын білдіреді» [7, 196].

В.А. Маслова «коннотацияда тілдің номинативті жүйесінің әлеуетті ресурстары жүзеге асырылады, өйткені коннотативті сөз сөздің семантикасымен күрделі қарым-қатынаста болатын терең мағынаны құрып қана қоймай, оны тілде бекітіп, сол арқылы мәдени-ұлттық тілдік көріністі жасай алады», – деп санайды [8, 56]. Зерттеушілердің пікірінше, «мәдениеттегі күнделікті сананың қалыптасқан нормалары мен стереотиптерінің ықпалымен тілде биоморфтық код элементтері мен адамның қасиеттері арасындағы кездейсоқ ассоциациялар қалыптасып, орнығады» [9, 193].

Сөздердің этномәдени коннотациясы арқылы ұлттың мәдениеті мен бірегейлігі, халықтың өмір салты, дүниетанымы, дәстүрлері мен тарихы көрініс табады. Мысалы, қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде жиі кездесетін мифтік бейне – жезтырнақ. Жезтырнақ сөзі «жез» және «тырнақ» деген екі түбірден құралған күрделі сөз. Мұндағы «жез» деген мыс пен мырыштың қоспасынан алынатын жеңіл, әрі қатты металды білдіретін зат есім. Ал «тырнақ» сөзіне түсіндірме сөздіктерде бірнеше мағынасын береді: «1. зат. Аяқ-қолының ұшындағы қатты және өткір өсінді. 2. Ауыс. Басқа түскен жағымсыз жағдай, біреудің үстемдігі, жәбірі, қорлығы деген мағынада» [10]. Ертегілердегі Жезтырнақ кейіпкерінің аты «жез» және «тырнақ» деген осы екі сөзден құралғандығы кездейсоқ емес екендігін көруге болады, «жез» сөзінде «қатты», «тырнақ» сөзінде «үстемдік, жәбір, қорлық» деген жағымсыз мағыналар бар.

Жезтырнақ 2011 жылы жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «зат есім. 1. мифологиялық. Ертегі, аңыздарда кездесетін тырнағы ұзын, өткір мақұлық. Жезтырнақ берген етті алып жей алмайды (қазақ ертегісі). Жезтырнақтың тырнағы бар өткір жез, Алып күштің жүгіріп кетсе, желден тез. Пері менен диюдың ойнас баласы... Бола алады: аң да, құс та, шал да, қыз (М.Жұмабаев, Шығ.). Сөз орнына Сыздық сақ-сақ күледі, Екі атса ғой, тырнаққа Құдай береді! Біраз тұрып, тәлтіректеп жезтырнақ, Сүйретіліп қопаға қарай жөнеді (М.Жұмабаев, Шығ.). Қазақ фольклорында жезтырнақ бейнесі «Құламерген», «Жерден шыққан желім батыр», «Аламан мен Жоламан» сияқты ертектерде, «Алпамыс батыр» эпосында, Ж.Жабаевтың «Өтеген батыр» дастанында т.б. бар. 2. ауыспалы мағына. Қанішер, жауыз. Алқымға жармасқан жезтырнақтың қолын жұлып тастап, білегін қырқып түсіру керек (Ол күндер.). Адақандар мен әлсіздердің қанын ішетін жезтырнақ көкпан! (Ө. Тәжібаев, Жданов әңгіме)», – деген анықтама берілген [10].

Сөздікте берілген мысалға зер салсақ, жезтырнақ – «аң, құс, шал, қыз» кейіпінде кездесетін алып күш иесі. «Жезтырнақ» ертегісінде «Батыр балалық шағында атасы мен әжесінен көптеген әңгімелерді есітіп, құлағына құйып өскен болатын. Жезтырнақтар лезде сұлу қызға, бірде ақ сақалды қарияға немесе арлан қасқырға айнала алатындығы есіне түседі», – деген жолдар бар. Ағартушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф Ш. Уәлиханов: «Жезтырнақ – әйел кейіпіндегі жын. Ол орманда өмір сүреді. Жезтырнақ туралы аңыздар көп», – десе [11, 117], ғалым С. Қондыбай: «Жезтырнақ – тұрақты сюжеті бар келіншек сипатындағы мифтік бейне. Оның атрибуты – күміс шашбау. Үңгірлерінде мол қазынасы бар жезтырнақ – ежелгі аңшылардың пірі, аңдардың қамқоршысы болған «Арғы әженің» эволюцияға ұшыраған параллель», – деген анықтама береді. С. Қасқабасов «Жаназық» еңбегінде: «Жезтырнақ туралы хикаялар албасты, жалғыз көзді дәу жайындағы әңгімелерге қарағанда біршама көркемделген, тіпті шежірелік (генеалогиялық) циклге де түсе бастаған, яғни ертегі жанрына ойыса түскен» [11, 118], – деп, жезтырнақтың бейнесі, тұратын мекені, тылсым қасиеттері туралы жазады.

Қазақ ертегілеріндегі «жезтырнақ» сөзінің этномәдени коннотациялық мағынасы жағымсыз мәнде жұмсалады, себебі жезтырнақ ертегілерде қорқыныш пен зұлымдық кейіпкері ретінде суреттеледі. Зерттеу нысанына алынған «Шора батыр» ертегісінде жезтырнақты: «... Жолдастарымен түніменен жанына келмей, «бұл өлген жоқ», – деп атып, пәре-пәресін шығарып, таң ата жезтырнаққа келсе, кіндігі кәдімгідей, екі-үш қарыс болат болады екен, тырнағының бәрі болат болады екен. Үстіне салған өңкей сөлкебай алтын менен күміс шашбауы», – деп көрсетеді. Бұл үзіндіде «сөлкебай», «алтын», «күміс», «шашбау» сияқты этномәдени коннотациясы бар сөздер де кездеседі.

«Сөлкебай» сөзіне «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» келесі анықтама берілген: «[ор. целковый] зат. көне. Бір сомдық күміс ақша» [12]. Жүз томдық «Бабалар сөзі» кітабында: «Қазан төңкерісіне дейін болған 50 тиындық күміс ақша. Орысша полтина делінген. Қазақтар бір сөлкебай, екі сөлкебай, болмаса, сөлкі деп атаған», – деп жазылған [13]. Ал «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігінде» «сөлкебай» сөзіне «Шашбау, шаштеңге», – деген анықтама берілген [14]. Берілген анықтамаларға сүйенсек, «сөлкебай» – күміс тиындардан жасалған шашбау түрі.

Сөлкебай сөзі екі түбірден құралған, бірі – «сөлке», орыс тілінің «целковый» деген сөзінен шыққан кірме сөз, қазақ тіліне тән фонетикалық заңдылықтарға сай өзгерген. «Целковый» – бұл орыс тіліндегі көнерген сөз, айырбасталмайтын бүтін ақша немесе монета дегенді білдіреді. Екінші түбір – «бай» сөзі жоғары әлеуметтік жағдайды, молшылықты, көптікті білдіретін түбір сөз, оның көмегімен жаңа күрделі сөз қалыптасып, сөздің экспрессивтілігі артады.

«Сөлкебай», «шашбау» сөздерінің этномәдени коннотациясы қазақ халқының мәдениетінде маңызды орын алады, олардың мәні тек әшекейлік зат емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік, рухани және діни мағыналармен тығыз байланысты. Шашбау – қазақ халқының ұлттық әшекейлерінің бірі, ол тек сәндік элемент ғана емес, сонымен қатар әйелдің әлеуметтік мәртебесін, жас ерекшелігін, отбасының материалдық жағдайын білдіреді. Қазақ халқында шашқа байланысты көптеген діни наным-сенімдер болғандықтан,

шашбаудың да рухани маңызы зор. Мысалы, шашты қазақ халқы киелі санаған, шашбау тағу «көз тиюден» сақтайды, жағымсыз әсерлерден қорғайды деген ұғым бар. Ертегідегі жезтырнақтың үстіндегі алтын, күміс сияқты құнды металдардан жасалған сөлкебай шашбау қазақ халқының этникалық мәдениетін, дүниетанымын, болмысын, қадір-қасиетін көрсетеді. Жезтырнақ бейнесі қырғыз халқында «джез тумшук», тувада «чес дыргак», өзбек ертегілерінде «ажина», әзірбайжан мифологиясында «албасты», татар халқында «шүрәле» деген атпен кездеседі.

«Шора батыр» ертегісінде жезтырнақтың әкесі – Жалғыз көзді әулие деген кейіпкер бар. Оны ертегіде: «Елге қайтып келе жатса, бір жапан далада, адам баласының иісі жоқ бір таудың ішінде кәдімгідей ақ нарға мінген, тап маңдайында бір көзі бар адам айқайды салады: Менің ұрқым-тұқымымды, Шора батыр, сен құртып едің. Сол жезтырнақтың әкесі Жалғыз көзді әулие деген мен боламын! – деп айқай салады», – деп суреттейді. Жалғыз көзді әулие – орасан зор күшке ие, ол күш-қуатын жамандыққа, зұлымдық жасауға қолданады.

Жалғыз көзді әулие – күрделі зат есім, мұндағы «әулие» сөзі қазақ тіліне араб тілінен енген, мағынасы «қасиетті адам», «құдайға жақын» дегенді білдіреді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «әулие» сөзіне келесі анықтама берілген: «зат. 1. діни. Ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам. 2. Көріпкел, алдағыны болжағыш, көреген, сәуегей. 3. ауыс. Адал, пендешіліктен ада, рухани таза адам. 4. ауыс. Ең қадірлі, таңдаулы, керемет» [15].

«Әулие» сөзі қазақ қоғамында, мәдениетінде жағымды коннотацияға ие, бірақ ертегідегі «жалғыз көзді әулие» бейнесі сөздікте берілген анықтамаға мүлдем қарама-қайшы. Оның бір ғана көзінің болуы – оның рухани әлемінің тарылуы, ақиқатты көре алмауы, адасушылық, әділетсіздік, мейірімділіктің жоқтығын білдіреді. Жалғыз көзді әулие бейнесі иран, араб ертегілерінде де кездеседі. Алайда қазақ қиял-ғажайып ертегілерінен ерекшелігі – кейбір иран, араб ертегілеріндегі жалғыз көзді әулие «ғұламалық, құдіреттілік, болашақты болжай алу» сияқты қасиеттерге ие болуында.

«Шора батыр» ертегісінде Жалғыз көзді әулиенің астына мінгені - ақ нар. Ақ нар тіркесі қазақ қоғамында жағымды этномәдени коннотацияға ие. Ертеде хандарды ақ киізге көтеріп, ақ нарға отырғызған, оны ақсақалдарға, батырларға, әулиелер, құрметті тұлғаларға сыйға берген. Қиял-ғажайып ертегіде Жалғыз көзді әулиенің ақ нарда отыруы шығарманың экспрессивтілігін күшейтеді.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотациялар қазақ мәдениетінің, фольклорының, болмысының ерекшеліктері мен бірегейлігін көрсетеді. Коннотацияларды зерттеу қазақ халқының дүниетанымын, қоршаған әлемге деген көзқарасын, әлемнің тілдік бейнесін терең түсінуге жол ашады.

#### Әдебиеттер

- 1.Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. - 85 б.
2. Лингвистический энциклопедический словарь, главный редактор В. Н. Ярцева Научно-редакционный совет издательства «Советская энциклопедия», Институт Языкознания АН СССР, Москва: «Советская энциклопедия», 1990.
- 3.Хасанов Ғ. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы (қазақ тілі материалдары бойынша) // Филология ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореф. – Алматы, 1997. - 15 б.
4. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік, Алматы: Сөздік-словарь, 2002. - 109 б.
- 5.Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. - 216 б.
- 6.Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. Москва, 1996. - 214 с.
7. Штейнгарт Л.М. Коннотация как показатель национальных особенностей картины мира (на материале пословиц и поговорок российских немцев). Вестник КрасГУ, 2006. – 199 с.
8. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. Минск: ТетраСистемс, 2004. - 256 с.
9. Битокова С.Х. Парадигмальность метафоры как когнитивного механизма (на материале кабардинского, русского и английского языков) // Диссертация на соискание ученой степени докт. филол. наук. Нальчик, 2009. - 193 с.

10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы, 2011. - 752 б.
11. Қасқабасов С. Жаназық. Астана: Аударма, 2002. - 584 б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. - 752 б.
13. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 96: Ауызекі әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.
14. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1991. - 88 б.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақова, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. - 744 б.

**Г.К. Койчуманова**

филология илимдеринин кандидаты, доцент,  
филология жана маданият аралық коммуникация институту  
Ош мамлекеттик университети  
[guljan3011@gmail.com](mailto:guljan3011@gmail.com):

**Г.А. МаксUTOва**

Ош технологиялык университети  
[Gulbarcyn.2602@gmail.com](mailto:Gulbarcyn.2602@gmail.com)

## **КЫРГЫЗ ПОЭЗИЯСЫНДАГЫ УЛУТТУК ИДЕОЛОГИЯ ЖАНА ИНСАН ДҮЙНӨСҮ**

**Аннотация.** Бул макалада кыргыз поэзиясындагы улуттук идеологиянын калыптанышы жана инсан дүйнөсүн терең чагылдыруудагы орду талдоого алынган. Кыргыз адабияты улуттук аң-сезимдин бекемделишине чоң салым кошуп, элибиздин тарыхын, маданий мурасын жана руханий баалуулуктарын камтыган чыгармачылыктын өзөгү болуп келген. Поэзияда улуттун өткөнү, келечеги жана инсандык аң-сезимдин тереңдиктери философиялык жана эстетикалык өңүттөрдө чагылдырылган.

Кыргыз поэзиясы улуттук идеологияны калыптандыруу, инсандын ички дүйнөсүн аңдап билүү жана руханий баалуулуктарды жайылтуу жагынан өзгөчө мааниге ээ. Бул адабий жанр аркылуу кыргыз элинин турмушу, тарыхы жана адабий мурасы терең чагылдырылып берилет. Поэзияда инсандын ички дүйнөсү менен улуттун келечегине болгон үмүтү айкалышып сүрөттөлөт. Кыргыз поэзиясынын философиялык, эстетикалык жана идеялык өзгөчөлүктөрү улуттук идеологияны чыңдоонун жана инсандык аң-сезимди өнүктүрүүнүн маанилүү аспаптарынын бири болуп эсептелет.

Макалада поэзиядагы улуттук идеологиянын негизги элементтери, анын ичинде тарыхый эстутум, маданий өзгөчөлүктөр жана элдик баалуулуктар баяндалат. Ошондой эле инсан дүйнөсү, анын ички гармониясы, табият менен болгон байланышы жана жеке сезимдердин коомдук баалуулуктар менен шайкештиги терең анализденген.

Бул изилдөө кыргыз поэзиясындагы улуттук идеялар менен инсан дүйнөсүнүн өз ара айкалышын ачып берүү менен кыргыз адабиятынын универсалдуулугун жана заманбаптыгын көрсөтөт. Поэзиянын күчү аркылуу улуттун руханий мурасы жана глобалдык философиялык маселелер менен байланышы дагы бир ирет тастыкталат.

**Ачкыч сөздөр:** адабият, поэзия, акын, маданият, эстутум, баалуулуктар, эмоционалдык интеллект, инсан, коом, сезим, гармония, тарых, философия.

**Киришүү.** Кыргыз поэзиясы бай тарыхы менен бирге өзүнүн улуттук жана философиялык темаларын тереңдеп жана кеңири чагылдырган чыгармачылык болуп саналат. Анын мазмунунда улуттук идеология, коомдук турмуштун жана инсан дүйнөсүнүн көйгөйлөрү негизги орунда турат. Кыргыз акындары өздөрүнүн чыгармачылыгында элдин тарыхы, салттары, баалуулуктары жана дүйнө таанымы менен тыгыз байланышта болгон улуттук темаларды камтыган чыгармаларды түзүшкөн {1}. Поэзиядагы улуттук идеологиянын негизги өзөгүн элдин көз караштары, дүйнө таанымы жана турмуштагы орду түзөт. Бул чыгармачылыктарда адамдын табигат менен болгон терең байланышы, анын элдик кыймылдары жана коомдук моралдык жоопкерчилиги көрсөтүлөт.